**ВОКЗАЛДАР – ӨҢІРДІҢ КЕЛБЕТІН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР. ОЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАҢҒЫРТУ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАЙЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӨҢІРДІҢ КӨЛІК ӘЛЕУЕТІН ДЕ КҮШЕЙТЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ЕЛІМІЗДЕ 124 ВОКЗАЛДА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БІР МЕЗЕТТЕ БАСТАЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢАРТЫП, ЖОЛАУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ, ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕЛГЕН.**

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары




№63 (3210)
11/08/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ


## РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА РУКОВОДИТЕЛЯ КОМПАНИИ

**Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Елжас Отыншиев после участия в торжественном открытии XI Спартакиады АО «Самрук-Қазына», где поддержал спортсменов-железнодорожников и пожелал им ярких побед, в рамках рабочей поездки ознакомился с работой инновационного комплекса KINETIX.**



**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

В ходе визита руководителю компании доложили и продемонстрировали современные цифровые технологии, внедряемые в том числе для повышения безопасности движения.

Рабочая поездка началась с осмотра перегона Астана – Сороковая. Елжас Отыншиев совершил поездку на дрезине, ознакомился с работой инновационного комплекса автоматической диагностики подвижного состава KINETIX. Данная система обеспечивает непрерывный контроль технического состояния вагонов и локомотивов непосредственно во время движения, выявляя скрытые дефекты на ранних стадиях и минимизируя риски возникновения нештатных ситуаций.

По итогам поездки председатель правления ҚТЖ дал ряд поручений по дальнейшему внедрению цифровых технологий на железнодорожной инфраструктуре.

Это рабочая поездка закрепила курс на масштабную модернизацию КТЖ через внедрение ИИ, предиктивной аналитики и комплекса KINETIX, что создает фундамент «умной железной дороги» и переводит эксплуатацию путей в режим гарантированного предупреждения аварий. Цифровая трансформация инфраструктуры напрямую укрепляет геостратегическую роль Казахстана как ключевого транспортного хаба Евразии, обеспечивая технологический суверенитет и задавая стандарты развития отрасли в регионе.

*Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»*



### СТАВКА НА ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

**АО «Кедентранссервис» совместно с дочерней компанией ТОО «Казахстанский транспортный холдинг» реализовало первую международную автомобильную перевозку, полностью обеспеченную казахстанскими производителями и логистическими решениями.**

Из Караганды в Омск было отправлено 200 тонн рулонной стали крупнейшего металлургического предприятия страны – компании Qarmet. Проект реализован в рамках поддержки отечественных производителей и развития национального транспортно-логистического потенциала.

Особенность перевозки заключается в том, что вся логистическая цепочка была сформирована на базе казахстанских компаний. В рамках проекта объединены продукция отечественной металлургии, компетенции национального логистического оператора и грузовой автотранспорт казахстанского производства.

Первый опыт создания международной логистической цепочки со стопроцентным казахстанским содержанием демонстрирует возможности отечественного бизнеса по предоставлению комплексных транспортных услуг и открывает новые перспективы для развития экспортной логистики, укрепления кооперации между национальными производителями и продвижения казахстанских транспортных решений на международном рынке.

*Айлин БАУРЖАН*



**Абзал ИДРИСОВ,**
региональный представитель филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция по модернизации вокзального хозяйства»:

«ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ 2026 ГОДА ПАССАЖИРОПОТОК СТАНЦИИ АСТАНА-1 ПРЕВЫСИЛ 1,8 МИЛЛИОНА ЧЕЛОВЕК. БОЛЕЕ 908 ТЫСЯЧ ПАССАЖИРОВ ОТПРАВИЛИСЬ ИЗ СТОЛИЦЫ, А СВЫШЕ 977 ТЫСЯЧ ПРИБЫЛИ В АСТАНУ. В СВЯЗИ С РАСТУЩИМ ПАССАЖИРОПОТОКОМ В РАМКАХ РЕКОНСТРУКЦИИ ПЛОЩАДЬ ВОКЗАЛА УВЕЛИЧЕНА НА 500 КВАДРАТНЫХ МЕТРОВ – ДО 8,7 ТЫСЯЧИ КВАДРАТНОГО МЕТРА. ЭТО ПОЗВОЛИТ ПОВЫСИТЬ КОМФОРТ ПАССАЖИРОВ И СОЗДАТЬ БОЛЕЕ СОВРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ИХ ОБСЛУЖИВАНИЯ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АСТАНА-1 ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА

**255**

АДАМ ЖҰМЫЛДЫРЫЛЫП ОТЫР.

ҚҰРЫҚ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ ӨТКЕН АЛТЫ АЙДА

**242,3 мың**

ТОННА ЖҮК ЭКСПОРТТАЛДЫ.

ҚЫЗЫЛОРДАДА БИЫЛ

**83,2 км**

ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛЕДІ.

«ҚАУІПСІЗ ӨТКЕЛ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЕЛ БОЙЫНША КЕМІНДЕ

**100**

ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ ҚАМТЫЛАДЫ.

**Обучение**

## ПРЕДУПРЕЖДАЯ КОРРУПЦИОННЫЕ РИСКИ

**В АО «НК «ҚТЖ» состоялось обучающее мероприятие для членов правления и руководящего состава компании, посвященное актуальным вопросам совершенствования антикоррупционного законодательства Республики Казахстан и развитию системы комплаенс.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

В качестве спикеров выступили представители Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы, а также представитель Службы комплаенс АО «Самрук-Қазына».

Во время обучения рассмотрены последние изменения антикоррупционного законодательства, направленные на усиление превентивных механизмов предупреждения коррупции, совершенствование регулирования конфликта интересов, расширение требований к декларированию личных интересов, повышение прозрачности кадровых процедур, усиление ответственности должностных лиц, а также развитие института комплаенс и его роли в системе корпоративного управления. Отдельное внимание было уделено практическому применению новых законодательных норм и их реализации в деятельности субъектов квазигосударственного сектора.

Представитель Службы комплаенс АО «Самрук-Қазына» также осветил вопросы применения антикоррупционных ограничений в национальных компаниях, урегулирования конфликта интересов, соблюдения установленных законодательством запретов и ограничений, а также персональной ответственности руководителей за обеспечение эффективной системы предупреждения коррупционных рисков.

По итогам мероприятия участники обсудили практические вопросы применения новых требований законодательства, получили разъяснения спикеров по наиболее актуальным аспектам правоприменительной практики и обменялись мнениями по вопросам дальнейшего совершенствования корпоративной системы комплаенс.

Проведение подобных мероприятий способствует повышению правовой культуры руководящего состава, укреплению принципов добропорядочности и прозрачности, а также дальнейшему развитию эффективной системы предупреждения коррупционных рисков.

## ҚТЖ ҚҰРАМАСЫ – ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОН!

**Тамыздың 8-10 аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ XI Спартакиадасы өтті. Елорданы дүбірге бөлеп, еліміздің ірі компаниялары арасында өткен жылдың ең басты спорттық мерекесі өз алаңында ең мықты спортшыларды жинап, корпоративтік рух пен жеңіске деген ерік-күштің жарқын үлгісін көрсетті. 19 команда арасында үш күнге созылған сайыста ҚТЖ құрамасы қатарынан үшінші жыл Спартакиада Кубогын жеңіп алды.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Дәстүрлі спартакиадаға биыл еліміздің барлық өңірлерінен 1500 адам қатысып, классикалық олимпиадалық спортты да, ұлттық ойындарды да үйлестіретін 14 спорт түрі бойынша сайыстар өтті. Сонымен қатар қазіргі заманғы трендтерді: арқан тарту, армрестлинг, асық ату, бес асық, баскетбол, волейбол, киберспорт, жеңіл атлетика, волейбол, үстел теннисі, жүзу, садақ ату, тоғызқұмалақ, футзал және шахматты қамтыды. Биыл спартакиада ойындарына жеңіл атлетика бірінші рет енгізіліп отырғанын да атап өткен жөн.

– Бұл спартакиада жай ғана спорттық дода емес. Бұл – ауқымды жарысқа қатысушы компаниялардың корпоративтік рухы, командалық ұйымдасуы, ерік-жігері және салауатты өмір салтын ұстануы сияқты басты қасиеттері сынға түсетін сәт. Қор үшін спортты дамыту – корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі әрі топтың әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды бағыттарының бірі. Біз спорт инфрақұрылымын дамытуға инвестиция салу арқылы бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын қолдаймыз, қызметкерлеріміз бен ел тұрғындары үшін салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасаймыз, – деді Спартакиаданың ашылу рәсімінде «Самұрық-Қазына» басшысы Нұрлан Жақыпов.



Атап өтерлігі, бұл спартакиадада «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ құрамасына ерекше назар аударылуда. Өйткені соңғы екі жылда ҚТЖ командасы спартакиаданың жеңімпазы болды. Биыл да теміржолшылар мүмкіндігінше батыл қимылдап, чемпиондық атағын қайта қорғау үшін жаңа шыңдарды бағындыруға барын салды.

Бұл жылы спартакиадада болат магистральдың абыройын 88 үздік теміржолшы-спортшы қорғады. Компания шынымен қуатты, біртұтас және географиялық жағынан ерекше команда жинады. Оның құрамына Астана, Алтынкөл, Орал, Қарағанды, Екібастұз, Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Өскемен, Қостанай, Маңғыстау, Жамбыл, Алматы және Семей сияқты республиканың түкпір-түкпірінен негізгі теміржол кәсіпорындарының, станциялары мен филиалдарының өкілдері кірді.

Сонымен қатар сүйікті командаларына қолдау көрсету үшін ҚТЖ және оның еншілес кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелерде еңбек ететін жүздеген жанкүйерлер спартакиада ойындарының сәнін кіргізген көрермендер болғаны анық. Қолдарына ҚТЖ логотипі бейнеленген жалаушалар мен шарларын бұлғап, дауылпаздарын қағып қошемет көрсеткен жанкүйерлер спортшылармен бірге өнер көрсеткендей әсер қалдырды.

(Жалғасы 4-бетте)

### ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУДА

**Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары негізінде әзірленген 2023-2029 жылдарға арналған магистральдық теміржол желісі объектілерін дамыту бағдарламасын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды мақсат етіп отыр.**

Бағдарлама ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және «тар жерлерді» жою арқылы теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыруды көздейді. Осы ретте пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ компания қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау әдеттегідей, басымдыққа ие болып қалуда.

Сонымен, темір жолдың өткізу қабілетін арттыру мақсатында біраз шаруаның басы қайырылғанын атап өткен жөн. Мәселен, Шу станциясында 4 жолдың салынуы нәтижесінде өткізу қабілеті тәулігіне 11 жұп пойыздан 20 жұп пойызға дейін ұлғайтылса, Сарышаған станциясында да 4 жол салынып, нәтижесінде станция жолдарының өткізу қабілеті тәулігіне 25 жұп пойыздан 29 жұп пойызға дейін артты.

2023-2029 жылдарға арналған бағдарлама шеңберінде 11 мың км теміржол жолын жөндеу көзделген. Соның ішінде 2023 жылдан 2026 жылдың 6 айына дейін жоспарланған 4 817 км орнына нақты 5 134 км жөнделіп, жоспар 106%-ға орындалып отыр. 2026 жылдың І жартыжылдығында жоспарланған 603 км орнына 686 км орындалып, көрсеткіш 114%-ды құрады. Қазір Желаево – Пойма учаскесіндегі ұзындығы 728 метр көпірге күрделі жөндеу жүргізілуде.

Жасанды құрылыстардың 30 объектісінде жөндеу жұмыстары Астана және Ақтөбе өңірлерінде мамандандырылған көпір жасақтарының құрылуы, сондай-ақ Қапшағайдағы қолданыстағы жасақтың қызметі арқасында орындалды.

Сала мамандарының айтуынша, жасанды құрылыстарды ағымдық күтіп ұстау шеңберінде бүгінгі күні 765 ақау жойылған. Шалқар – Сексеуіл учаскесіндегі 12 станцияда диспетчерлік орталықтандыру жүйесі жаңғыртылған. Үш станцияда парктік дауысзорайтқыш хабарлау байланысы салынған. Бұдан бөлек 29 станцияда электрлік орталықтандыру жүйелері мен жабдықтары кешенді түрде жаңғыртылып, 20 қоректендіру панелі және 9 дизель-генераторлық агрегат ауыстырылды. Ал сұрыптау жүйелерін дамыту бағдарламасы шеңберінде Қарағанды-Сұрыптау станциясының жұп дөңесін жаңғыртуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша шарт жасалып, жұмыстар жүргізілуде.

*Ислам ТАЛҒАТ*

№63 (3210) 11/08/2026

## АРҚАЛЫҚҚА ПОЙЫЗ ШЫҚТЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Нұрлы жол-Арқалық» қатынасымен №225/226 жаңа жолаушылар пойызын тағайындады. Бұрын бұл бағыт бойынша тек жеке тасымалдаушының пойызы қатынаған.**

Өңірдің көліктік қолжетімділігін арттыру үшін іске қосылған пойыз RWS Wagon өндірісінен өткен жылы шығарылған алты жаңа вагоннан тұрады: үш купе және үш плацкарт. Құрамның сыйымдылығы 250 жолаушыдан асады. Вагондар ауа баптау жүйелерімен, заманауи қауіпсіздік құралдарымен, USB порттарымен, электр розеткаларымен және жеке жарықтандырумен жабдықталған. Пойыз күн сайын Нұрлы жол вокзалынан Астана – Жалтыр – Атбасар – Жақсы – Есіл – Державинская – Арқалық бағыты бойынша жүреді.

№225/226 «Нұрлы жол-Арқалық» пойызында сонымен қатар Starlink технологиясы негізінде спутниктік интернет іске қосылды. Бұл қызмет жолаушыларға әлеуметтік желілерге, мессенджерлерге, бейнесервистерге, жұмыс платформаларына және басқа да интернет-ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, барлық жүру жолында тегін көрсетілетін болады. Билеттерді ресми bilet.railways.kz. сайтынан немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларында сатып алуға болады.

## ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

АЙМАҚ

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінде жартыжылдық өндірістік-эксплуатациялық көрсеткіш оң нәтижемен қорытындыланды.**



Алғашқы алты айда бөлімшеде жүк тиеу мен түсіру жоспары жоғары көрсеткішке жетті. Бөлімшенің техникалық бөлім бастығының орынбасары Әдия Абдуллинаның айтуынша, есепті кезеңде Ақтөбе өңіріндегі жүк айналымы жоспарға шаққанда 101,1 пайызды құрады. Ал жүк тиеу көрсеткіші 104,8 пайызға орындалды. Алты айда өңір бойынша 7 млн 853 мың тонна жүк тиелген. Бұл жоспарланған көлемнен 357 мың тоннаға артық.

Биыл өңірде жүгері тасымалы жоғары. Жүк тиеу көрсеткішіндегі үлесі 42,6 пайызды құрайды. Одан кейін темір рудасы – 24,4 пайыз, түсті руда – 17,6 пайыз, мұнай – 4,8 пайыз, қара металл – 3,8 пайыз және химиялық өнімдер – 1,4 пайыз. Ақтөбе өңірінен жөнелтілген жүктердің 92,6 пайызы Қазақстан ішіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға тиесілі болса, 7,4 пайызы шет мемлекеттерге экспортталған. Бөлімшенің Орал өңірі бойынша көрсеткіштері де жоғары. Мұнда жүк тиеу жоспары 112,5 пайызға орындалды. Нақты көлем 1 млн 275 мың тоннаны құрап, жоспардан 141 мың тоннаға артық. Әлия Еділқызының баяндауынша, жүк айналымы – 101,1%, жүк тиеу – 104,8%, техникалық жылдамдық 100,1% құрайды.

Алғашқы жартыжылдықта өндірістік жарақат алу жағдайы тіркелмеген. Қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарын сақтауына бақылау күшейтіліп, нұсқаулықтар жаңартылған. Сонымен қатар барлық деңгейдегі басшылардың еңбекті қорғау талаптарының бұзылуына қатысты жауапкершілігі артқан. Бұл жазатайым оқиғалардың алдын алу және қызметкерлер арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша жүйелі жүрген жұмыстар нәтижесі деген жөн.

*Суретті түсірген автор*

## Заң мен тәртіп

## ШЫМКЕНТТЕН АРЫСҚА ДЕЙІН...

**«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында «Қауіпсіз өткел» республикалық профилактикалық акциясы жалғасуда. Кезекті іс-шара теміржол өткелдеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында Шымкент жол дистанциясында өтті.**



**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Шымкент

Түркістан облысы, Ордабасы ауданына қарасты теміржол өткелдерінде өткен іс-шараға Шымкент жол дистанциясының бастығы Дәурен Бахиев, Түркістан облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясының бас маманы Асқар Исмағұлов, Түркістан облысы Ордабасы АПБ ККБ учаскелік инспекторлары полиция майоры Ербол Суханов пен полиция лейтенанты Бақберген Төлеген қатысты.

Акция Шымкент – Арыс телиміндегі Игілік – Бадам, Қалаш – Арыс-2 бекеттері аралығындағы үш теміржол өткелінде ұйымдастырылды. Шымкент – Арыс телімінде тәулігіне орта есеппен 35 жұп жүк пойызы мен 12 жұп жолаушылар пойызы өтеді. Сонымен қатар 3 өткелді қоса есептегенде күніне шамамен 10 мыңға жуық жеңіл және жүк автокөлігі қатынап, аудан аралық автобустары жүреді.

Аталған өткелдер арқылы Ордабасы ауданына қарасты Бадам ауылынан 5 мыңнан аса, Карабастау ауылынан 3 мыңнан аса, Жұлдыз ауылынан мыңнан аса адам тұрақты түрде қатынайды. Бұдан бөлек, бұл бағыт арқылы Шымкент қаласымен Арыс қаласына тәулік бойы үздіксіз көлік қозғалысы жүзеге асырылады.

Осыны ескерген акцияға қатысушылар автокөлік жүргізушілерін барынша қамтып, теміржол өткелдерінен өту кезінде жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажеттігін түсіндірді. Жүргізушілерге арнайы дайындалған ақпараттық жадынамалар таратылып, қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде кеңестер берілді.

Іс-шара барысында 104 жеңіл автокөлік және 16 жүк көлігінің жүргізушісі қамтылып, оларға акцияның мақсаты мен маңызы жан-жақты түсіндірілді. Теміржол өткелдері – аса қауіпті аймақтардың бірі. Осыған байланысты ұйымдастырушылар жүргізушілерді бағдаршамның тыйым салатын белгілерін қатаң сақтауға, жабылып жатқан немесе жабық тұрған шлагбаумнан өтпеуге, сондай-ақ жақындап келе жатқан пойыз алдында қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеуге шақырды.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАУІПСІЗДІК – БАРШАҒА ОРТАҚ ТАЛАП

**Семейлік теміржолшылар республикалық «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында жол өткелдеріндегі қауіпсіздік профилактикасы бойынша өтіп жатқан акцияға үн қосуда.**



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Жоспарлы жұмыстар аясында кезекті акцияны Дегелең – Жаңа-Семей теліміндегі 656-шақырымдағы жол өткелі бойында Семей жол дистанциясының ұжымы ұйымдастырып өткізді. Жалпы, Құрметті теміржолшы Рахат Ботаспаев басқаратын ПЧ-39 мекемесі желі бойындағы қауіпсіздік шараларына жиі ұйытқы болуда. Десек те, бұл жолғы акцияның ауқымы кең болды. Бас инженері Мырзабек Керейбаев бастаған жолшылар жол өткелі бойында арнайы ақпараттық парақшалар үлестіріп, жүргізушілер қауымы үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мақсат – теміржол өткелінің қауіпті аймаққа жататынын және көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілердің желі бойындағы міндеттерін жеткізу болатын.

– Теміржол бойындағы жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау қауіпсіздік кепілі екендігі белгілі. Ал қауіпсіздік – баршаға ортақ талап. Осы орайда ұлттық компания бойынша өткізіліп жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Қауіпсіз өткел» республикалық алдын алу акциясына атсалысудамыз. Іс-шара барысында жүргіншілерге теміржол мен өткелдерден өту кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін еске салдық. Әсіресе жол белгілерінің, бағдаршамдар мен дыбыстық сигналдардың талаптарын сақтауға, сондай-ақ жолдардың тек белгіленген жерлерден өтуіне ерекше назар аударылды. Сол тәрізді жүргізушілер сауалына да жауап бердік, – дейді Мырзабек Мырзатайұлы.

Жалпы, акция аясында 278 тұрғын мен 123 автокөлік жүргізушілеріне жадынамалар таратылған. Осыған дейін рейд Аягөз өңірінде өткізілсе, алдағы уақыттарда Белағаш, Семей және Дегелең станцияларына қарасты теміржол өткелдерінде ұйымдастырылатын болады.

*Суретті түсірген автор*

## МАҢҒЫСТАУДА ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

**Маңғыстау станциясындағы теміржол өткелдерде «Қауіпсіз өткел» республикалық акциясы жүргізіліп жатыр. Бірнеше бекетте ұйымдастырылған рейдке қатысушылар автокөлік жүргізушілерін тоқтатып, өз құзыреттілігі шеңберінде түсінік берді.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Маңғыстау жол дистанциясының қызметкерлері мен жергілікті аудандық әкімдіктердің ішкі саясат, жол шаруашылығы бөлімдерінің мамандары, жол полициясының инспекторлары бірлесе өткізген акция алдымен Маңғыстау станциясы 2-шақырымдағы өткелде өтіп, келесі күні Шетпе станциясындағы 314-шақырымда, ал 10 тамызда Маңғыстау станциясы мен Тамақ бекеті аралығындағы өткелде жалғасты.

Дистанция өкілдерінің айтуынша, мұндай рейд алдағы уақытта Жаңаөзен станциясы бойынша 178, 179-шақырымдардағы, Шетпе станциясындағы 305-шақырымдағы, №16 бекет бойынша 388-шақырымдағы, Маңғыстау станциясының 13-шақырымындағы теміржол өткелдерінде өткізу жоспарланған.

– Республикалық акция барысында теміржол өткелдерінде және оған жақын маңдағы көлік көп жүретін орындарда болып, профилактикалық жұмыстар жүргізудеміз. Жолдан өткен автокөліктерді, оның ішінде автобус, жүк көліктері мен жеңіл автомобильдерді тоқтатып, теміржол өткелінен өтуде сақ болу туралы түсінік берілуде. Автокөлік жүргізушілерінің теміржол өткеліне жақындағанда ескеруге тиіс ережелерді есіне салып, келе жатқан пойызды, ескерту белгілерін көре тұра пойыздан бұрын өтіп кетемін деудің салдары орны толмас өкінішке алып келуі мүмкін екені айтылды, тиісті заңдылықтар мен ескертулер жазылған жадынамалар таратылды, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Кульчанбаев.

*Суретті түсірген автор*

## ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ФОРМАМЕН ҚАМТЫЛДЫ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС басшылығы бірінші кезекте персоналдың еңбек жағдайын жасауға басымдық береді. Жыл басында барлық аймақ, соның ішінде Тараз филиалының жұмыс паркі 7 Toyota Hilux автокөлігімен жаңартылса, енді міне күзет қызметкерлері жаңа үлгідегі формалық киіммен толық қамтылып отыр.**



**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов әртүрлі ауа райы жағдайына ыңғайлы тігілген қызметтік формалар топтамасын тапсыру үшін жерасты теміржол туннелін күзетуді қамтамасыз ететін Маймақ қызметтік командасына барды. Өңірдегі көлік қатынасы мен жүк тасымалын қамтамасыз етіп отырған жерасты инфрақұрылым нысанына жеткенше, Еркін Түгелбайұлын әңгімеге тартып, филиалдардың материалдық базасын жақсарту, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы бастамалардың жалпы құрамның жұмыс процесіне қалай әсер етіп жатқанын сұрадық.

– Қызметкерлерге қолайлы еңбек жағдайын жасауға «ӘТЖК» ЖШС Бас директоры Нұржан Әлкеев ерекше көңіл бөлуде. Өздеріңізге белгілі, наурыз айында біздің филиалға жеті жаңа Toyota Hilux автокөлігі беріліп, оны атқыштар командаларына тапсырған болатынбыз. Қызметтік автокөлік паркін заманауи әрі жайлы, жол талғамайтын көлікпен қамтамасыз ету – әскерилендірілген теміржол күзеті қызметіндегі еңбек жағдайларын жақсарту үшін қаншалықты керек болса, әртүрлі ауа райына ыңғайлы тігілген қызметтік форма да дәл сондай қажет.

Осы мақсатта қазір барлық филиал жаңа үлгідегі формалық киіммен толық қамтамасыз етіліп, әскерилендірілген теміржол күзеті қызметінің корпоративтік логотипі жаңартылды. Жаңа киім үлгілері жеткізушімен келісімшарт жасалғанға дейін бірнеше рет тексеріліп, әртүрлі климаттық жағдайларда төзімділігін сынақтан өткізу мақсатында филиалдарға жіберілді. Өнімнің сапасына ерекше назар аударылды. Бұл жұмыстарды орталық аппараттың материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің мамандары ғана емес, Бас директор жеке бақылауында ұстады, – дейді филиал директоры Еркін Мүсілімов.

Жалпы Тараз филиалында жүктелген міндеттерді орындау, сондай-ақ қызметкерлердің өз міндеттерін сапалы орындауға деген жауапкершілігін арттыру бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отыратынына талай рет куә болдық. Учаскелердегі ғимараттарды ағымдағы жөндеу, аулаларын көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын атқыштар командалары өздері орындайды. Мысалы, біз келген Маймақ жерасты туннелін күзететін команда сапындағы 19 күзетші қызметтік ғимаратқа өз күштерімен жөндеу жұмыстарын жүргізіпті.

– 2023 жылғы 1 маусымда «Мусахан» жеке күзет ұйымынан «Туннель» нысанын қабылдап алғанда ғимарат өте нашар жағдайда болды. Аумағын шөп басып, ғимарат тозып кеткен. Ұжымның өз күшімен ғимаратқа жөндеу жасалып, аумаққа бөгде адамдардың кіруін шектеу үшін темір қақпа орнатылды. Сенбіліктер ұйымдастырылып, аумақ толық тазартылып, абаттандырылды. Түрлі ағаш отырғызылып, ғимарат алдына құлпынай егілді. Қазір ол жыл сайын өнім беруде. Осындай жұмыстар барлық қызметтік командаларда жүргізілуде. Айталық, Түрксіб қызметтік командасы ғимарат ауласына толықтай тас төсесе, Таразда қызметкерлер өз күшімен спорт алаңын жаңартты. Шу қызметтік командасы кеңсеге косметикалық жөндеу жүргізіп, жылыту қазандығын ауыстырды, – деді Еркін Түгелбайұлы.

Жері ойлы-қырлы, ауа райы құбылмалы келетін таулы аймақтағы күзетшілер үшін мұндай киім үлгісі дер кезінде жеткен игілік болды. Себебі біз келгенде бұл жақта салқын самал есіп, себелеп жаңбыр жауып жатты. Күзетшілер кеше қатты жел тұрғанын айтты. Тәуліктік ауысымға түскен жерасты теміржол туннелі күзетін қамтамасыз ететін күзетшілер жаңа киім формасын киіп, сапқа тұрды.

– Біз жаңа киім формасының алғашқы үлгілерін киіп, жұмыс барысында төзімділігін сынап көргенбіз. Бұрынғы киім үлгісімен салыстырсақ, әртүрлі ауа райы жағдайына қолайлы, – деді су жаңа форма киген қатардағы күзетші Талғат Әбілеков.

*Суретті түсірген автор*

№63 (3210) 11/08/2026

## Закон и порядок

# ОСНОВА НАДЕЖНОЙ РАБОТЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА

**В АО «НК «ҚТЖ» состоялось расширенное совещание, посвященное реализации концепции «Закон и порядок» в сфере железнодорожных грузоперевозок.**




**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Мероприятие прошло под председательством генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асана Умбетова с участием представителей Главной транспортной прокуратуры, департамента Судебной администрации города Астаны, руководителей центрального аппарата, начальников отделений грузовых перевозок и региональных подразделений компании, подключившихся по видеоконференцсвязи.

Открывая встречу, Асан Умбетов подчеркнул, что соблюдение закона является важнейшей составляющей корпоративной культуры национального перевозчика.

– В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» работают порядка 27 тысяч человек. Если учитывать членов их семей, это более 100 тысяч человек. Поэтому соблюдение закона, требований безопасности и корпоративной дисциплины – это ответственность каждого из нас не только перед компанией, но и перед тысячами семей, благополучие которых зависит от стабильной работы железнодорожного транспорта, – отметил он.

С основным докладом выступил директор департамента правового обеспечения ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Алан Алмуханбетов. Он подчеркнул, что железнодорожный транспорт является одним из ключевых элементов транспортной системы Казахстана, обеспечивая внутренние перевозки, экспорт грузов и развитие международного транзитного потенциала страны.

Особое внимание докладчик уделил реализации принципа «Закон и порядок», отметив, что его содержание значительно шире вопросов контроля и надзора.

– Законность должна восприниматься не как инструмент ограничения хозяйственной деятельности, а как необходимое условие устойчивого развития транспортной отрасли и долгосрочного экономического роста, – подчеркнул Алан Алмуханбетов.

По его словам, развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута, международного транспортного коридора Север – Юг и инициативы «Один пояс – один путь» способствует дальнейшему укреплению позиций Казахстана как важного транспортно-логистического узла Евразии. Вместе с тем рост грузопотоков требует строгого соблюдения законодательства, совершенствования государственного регулирования, цифровизации процессов и формирования высокой правовой культуры.

В ходе выступления были представлены результаты работы грузового комплекса. По итогам 2025 года объем перевозок во внутриреспубликанском сообщении достиг 176,9 миллиона тонн, что на 7,1% превышает показатель 2022 года. Грузооборот увеличился на 6,2%, составив 93 миллиона тонно-километров.

Устойчивый рост демонстрируют и экспортные перевозки. В 2025 году их объем составил 89,2 миллиона тонн, а грузооборот достиг 104,4 миллиона тонно-километров.

Продолжается развитие международных транспортных коридоров. По восточному маршруту международного транспортного коридора Север – Юг в 2025 году перевезено 448 тысяч тонн грузов. За первое полугодие 2026 года объем перевозок составил 226 тысяч тонн, что на 21,7% выше уровня аналогичного периода прошлого года.

Последовательно развивается цифровизация перевозочного процесса. Сегодня 99,7% вагонов во внутриреспубликанском сообщении оформляются по безбумажной технологии. При перевозках с ОАО «РЖД» уровень применения электронного документооборота достиг 75-86%, что способствует ускорению перевозочного процесса и повышению качества обслуживания клиентов.

Отдельное внимание уделяется обеспечению сохранности грузов. Благодаря системной профилактической работе количество случаев хищений по итогам 2025 года сократилось в два раза, а общее число случаев несохранности грузов уменьшилось на 12%.

Важным направлением остается развитие кадрового потенциала. Если в 2023 году повышение квалификации прошли 5 163 работника, то в 2025 году этот показатель вырос до 5 846 человек.

Продолжая тему, руководитель департамента Судебной администрации города Астаны Елдос Жумаксанов акцентировал внимание на профилактике правонарушений, соблюдении требований трудового законодательства и развитии культуры безопасности.

– Главная задача – не устранять последствия, а предупреждать возможные нарушения. Строгое соблюдение законодательства, внутренних нормативных документов и требований охраны труда является основой эффективной и безопасной работы любого предприятия, – подчеркнул он.

Спикер отметил важность своевременного урегулирования трудовых вопросов, соблюдения внутренних процедур и постоянной разъяснительной работы с коллективами, подчеркнув, что открытый диалог между работодателем и работниками способствует укреплению доверия и стабильной работе предприятий.

Подводя итоги совещания, участники отметили, что последовательная реализация принципов «Закон и порядок», развитие цифровых сервисов, повышение правовой культуры и укрепление взаимодействия с государственными органами создают прочную основу для дальнейшего развития железнодорожной отрасли, повышения эффективности грузовых перевозок и укрепления транзитного потенциала Казахстана.

*Фото Абзала КАЛИЕВА*

**Когда шлагбаум на железнодорожном переезде начинает опускаться, всегда найдутся те, кто пытается выиграть несколько секунд. Одни норовят проскочить на автомобиле, другие перебегают пути перед приближающимся поездом. Профилактические работы по предупреждению таких правонарушений провели работники Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) совместно с сотрудниками патрульной полиции и отдела полиции на транспорте станции Оскемен-1 в рамках республиканской акции «Безопасный переезд».**

# ЦЕНА НЕБРЕЖНОСТИ МОЖЕТ БЫТЬ ОЧЕНЬ ВЫСОКОЙ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



Рейд проходил на двух самых загруженных железнодорожных переездах Усть-Каменогорска – на 7-м километре перегона Оскемен-1 – Усть-Каменогорск в промышленной зоне по проспекту Абая, а также на 12-м километре в городском поселке имени Красина. После того как водителей останавливали сотрудники патрульной полиции, железнодорожники вручали им памятки, напоминали правила проезда через железнодорожные переезды. Параллельно шла работа с пешеходами. Главный инженер Оскеменской дистанции пути Серикжан Самбетбаев и мастер производственного обучения ПЧ-37 Алимхан Сейсемканов объясняли все доходчиво, понятно, при необходимости – на казахском или русском языке.

– На переезде 7-го километра по проспекту Абая ежедневно проходит до 50 поездов, включая четыре пассажирских, а пересекают его около 50 тысяч автомобилей в сутки. Это один из самых напряженных участков города, – рассказал он. – Четырехпоточный переезд круглосуточно обслуживают посменно четыре дежурных ПЧ-37. Их работа требует постоянной концентрации: каждый проходит медицинские осмотры и предсменные инструктажи. Каждая смена длится 12 часов.

В день рейда на переезде № 7 дежурил Малик Насимов. Для него эта смена стала особенной – последней перед выходом на заслуженный отдых. На железную дорогу он пришел 33 года назад, в 30 лет, и все эти годы проработал на одном переезде.

– Светофоры, дорожные знаки, щитки управления – наши помощники. Но если автоматика вдруг откажет, все придется делать вручную, – спокойно говорит он, показывая оборудование.

Через этот переезд ежедневно проходят грузовые составы в направлении Шара и Алтая, пассажирские поезда на Астану и Алматы, проложены пригородные маршруты, а через пути идет поезд на Алаколь. Осенью, с увеличением перевозок угля, интенсивность движения станет еще выше.

– Водители нередко нарушают правила, пытаются проскочить даже при закрытом шлагбауме. Бывало, что прямо на путях ломался автобус. В такой ситуации моя задача – действовать строго по инструкции 16-27. Необходимо остановить поезд, включить заградительные светофоры и сделать все, чтобы не допустить аварии, – рассказывает Малик Насимов.

Еще одной точкой проведения акции стал переезд на 12-м километре перегона Усть-Каменогорск – Новоустькаменогорск, в районе маслозавода ТОО «Май», в поселке имени Красина. По словам дежурной по переезду Жанар Жакупбековой, ежедневно здесь проходят более 800 автомобилей и свыше 30 поездов.

– Рядом остановка автобуса, станция Усть-Каменогорск, частный сектор. Людей очень много. Шлагбаум уже закрывается, поезд идет, а некоторые все равно пытаются проскочить. Кричу им, свищу в свисток. Особенно сложно с нетрезвыми людьми. Тогда сообщаю дежурному по станции, чтобы вызвали сотрудников полиции, – рассказывает она.

Инспектор отдела полиции на транспорте станции Оскемен-1 лейтенант полиции Бекжан Бауржанулы отмечает, что подобные нарушения происходят регулярно.

Во время рейда многие водители охотно вступали в разговор. Марина, которая давно живет в поселке имени Красина, признается, что хорошо знает этот переезд.

– Здесь уже были случаи, когда из-за нарушения правил люди получали тяжелые травмы и даже погибали. Поэтому лучше потерять минуту, чем рисковать жизнью, – сказала она.

Профилактические рейды, совместные акции железнодорожников с полицией, разъяснительная работа и техническое оснащение переездов являются лишь частью большой системы обеспечения безопасности. Однако даже самые современные средства не смогут защитить человека, если он пренебрегает правилами. Поэтому безопасность на железной дороге зависит все-таки от личной ответственности каждого.

*Фото автора*

# БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПЕРЕЕЗДЕ – ОБЩАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

**Любой железнодорожный переезд – это место, где безопасность зависит от дисциплины и ответственности каждого участника дорожного движения. В связи с этим на станции Караганозек Карагандинского отделения магистральной сети состоялся совместный профилактический рейд, объединивший железнодорожников, сотрудников транспортной полиции и представителей местных исполнительных органов.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Главная цель мероприятия – предупреждение дорожно-транспортных происшествий на железнодорожных переездах, обеспечение безопасности движения поездов и повышение культуры поведения как водителей, так и жителей населенных пунктов, расположенных вблизи железной дороги.

В ходе рейда специалисты Карагандинского отделения магистральной сети АО «НК «ҚТЖ» совместно с сотрудниками Управления полиции на транспорте и представителями аппарата акимата провели профилактические беседы с водителями автотранспорта. Им в очередной раз напомнили о необходимости строгого соблюдения правил пересечения железнодорожных переездов, порядке действий при возникновении нештатных ситуаций и административной ответственности за нарушение требований безопасности.

Особое внимание участники акции уделили владельцам домашнего скота. Сельчанам подробно разъяснили правила выпаса животных вблизи железнодорожных путей и их безопасного прогона через железнодорожные переезды.

– Выход безнадзорного скота на железнодорожное полотно может привести к тяжелым и непоправимым последствиям. Наша задача – не только контролировать соблюдение правил, но и предупредить возможные риски, объяснить людям, что безопасность начинается с личной ответственности каждого, – предупредил заместитель начальника отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Ерлан Байбосынов.

В ходе рейда участникам дорожного движения вручали памятки, отвечали на вопросы водителей и рассказывали о наиболее распространенных причинах происшествий на железнодорожных переездах. Подобный открытый диалог помогает не только повысить уровень информированности населения, но и формирует ответственное отношение к соблюдению требований безопасности.

В профилактическом мероприятии приняли участие заместитель начальника отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Ерлан Байбосынов, начальник отдела административной полиции Управления полиции на транспорте на станции Караганда-Сортировочная Айдар Алимаханов, начальник отделения полиции на транспорте на станции Караганда-Пассажирская Бекзат Калиев, представители аппарата акимата и другие специалисты.

Сегодня совместные рейды уже стали важной частью профилактической работы в регионе. По словам железнодорожников, только совместными усилиями транспортных полицейских, местных исполнительных органов и жителей можно обеспечить надежную защиту людей и бесперебойную работу стальной магистрали. Ведь, как известно, цена невнимательности на железной дороге слишком высока, а соблюдение правил безопасности – это вклад каждого в сохранение человеческих жизней.

*Фото автора*

# ДВА ИЗ ТРЕХ ЗАВЕРШЕНЫ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

ИНФРАСТРУКТУРА

**В Костанайском регионе продолжается реализация программы капитального ремонта железнодорожной инфраструктуры. Из трех запланированных на текущий год участков два уже полностью обновлены, завершение работ на третьем намечено до конца третьего квартала.**



По словам начальника отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Азамата Бегимбеева, полностью завершен капитальный ремонт на участке Костанай – разъезд Алкау – Шоккарагай протяженностью 26,114 километра. Также выполнены работы на участках Кушмурун – Койбагор и Кушмурун – Есиль, где обновлено 12,108 километра пути.

В настоящее время ремонт продолжается на самом протяженном объекте года – участке Оп-75 – Челгаши – Жаныспай – Тобол – Есиль. Из запланированных 31,360 километра уже капитально отремонтировано 7,221 километра. Оставшиеся 24,139 километра планируется завершить до конца третьего квартала текущего года.

В целом в 2026 году объем капитального ремонта пути в Костанайском регионе составит 69,582 километра. Кроме того, средним ремонтом охвачено 8,6 километра пути на перегоне Тогузак – Пешковка.

*Фото автора*

rail-news.kz

№63 (3210) 11/08/2026

# ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

**Жұма күні теміржолшы қауым Құрметті теміржолшы Алма Сәулебаеваны құрметті зейнет демалысына шығарып салды. Салтанатты іс-шараға сансыз гүл шоқтарын құшақтап келген әріптестері салаға отыз бес жыл еңбегі сіңген жанға құрмет көрсетіп, қимастыққа толы ізгі тілектерін арнады.**



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шәкенов Алма Тұрарқызымен көп жыл бірге жұмыс істеп, Достық станциясын, Никельтау жолын, Жезқазған-Тассай-Бейнеу теміржол магистралін ашқан жылдардан естелік айтты. Өте жігерлі, еңбекқор жанның бүкіл ұйымдастырушылық жұмыстарды жалғыз атқарып, тек алғы шепте жүретін қасиетін ерекше атап өтті.

– Ұлттық компанияның өркендеуіне қосқан өлшеусіз еңбегіңіз үшін ҚТЖ басшылығы және өз атымнан зор алғысымды білдіре отырып, лайықты демалысыңызда деніңіз сау болып, сәнді де мәнді өмір сүруіңізге шын жүректен тілектеспін, – деп ақжарма тілегін білдірді Марат Арапбекұлы.

Салтанатты жиында сөз алғандар да естеліктерімен бөлісіп, Алма Сәулебаевнның кәсіби маман, мықты ішкі жаттықтырушы, тәлімгер ретіндегі жетістіктері хақында пікірлерімен бөлісті.

1965 жылы бұрынғы Целиноград қаласында дүниеге келіп, қаржы-техникалық техникумын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша бітірген кейіпкеріміз, темір жолдағы еңбек жолын Тың темір жолында материалдық бухгалтер болып бастаған екен. Жылдар тезінде түрлі қызметтердің тізгінін ұстап, еңбек етумен қатар уақыт ағымына қарай білім-біліктілігін жетілдіре түскен Алма Тұрарқызы көп жылдар Локомотив шаруашылығы департаментінің есеп-қисап басқармасында, Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс департаментінде жұмыс істейді. Кейін компания дамудың жаңа бағытына қадам басқан кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бизнесін трансформациялау жобасына қатысып, өзгерістерді басқару блогында қызмет етеді. Алма Сәулебаеваның Магистральдық желі дирекциясы сияқты компанияның ең ірі филиалдарының бірінде де өзіндік қолтаңбасы бар. Ол бұл филиалда Кадрлық және әлеуметтік жұмыс департаментінде жұмыс істеп, бөлім бастығынан бас менеджер деңгейіне дейін көтерілді. Көптеген әлеуметтік жобаларға қатысып, шалғайды аралаған әлеуметтік пойыздармен сапар шегіп, теміржолшылардың әл-ауқатымен, тұрмыстық жағдайымен жете танысты. Бұдан кейін ол «Жолаушылар тасымалы» компаниясында Адами ресурстарды басқару департаментін басқарды. Ал 2021 жылдан бастап Алма Тұрарқызы компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінде HR бизнес-серіктесі болып бүгінгі күнге дейін қызмет атқарды. Оның теміржол саласында кадрлар даярлау, жас мамандарды бейімдеу және ішкі тренерлікті дамыту бағытында ерен еңбегі лайықты бағаланып, 2025 жылы республикалық «Еңбек жолы» байқауының өңірлік кезеңінде жастарды кәсіби бағыттауға қосқан үлесі үшін «Үздік тәлімгер» номинациясы бойынша жүлделі орынға ие болды.

– Алма Тұрарқызының корпоративтік даму бағытындағы еңбегі зор. Ол – ҚТЖ аясындағы «Білім экспресі», «Үздіктер алаңы» және «Жас Темір» сияқты жас мамандарды қолдауға бағытталған ірі әлеуметтік және HR-жобалардың модераторы әрі ұйымдастырушысы. Ішкі жаттықтырушы ретінде де керемет қабілетін көрсете білді. Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен білім алмасу жүйесін, яғни андрагогика негіздерін қалыптастыруға белсенді атсалысты. Біз үшін Алма Тұрарқызының орны бөлек, – деді Адами ресурстарды басқару департаментінің аға HR бизнес-серіктесі Әсел Ақтау.

Құрмет көрсетіп жатқан әріптестеріне шын жүректен алғыс айтқан Алма Тұрарқызының құшағы гүлге толып, иығына қазақы дәстүрмен шапан жабылды.

**Ислам ТАЛҒАТ**

*Суретті түсірген Райхан РАХМЕТОВА*

# АБАЙ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

**Семейлік теміржолшылардың қоғамдық-мәдени өміріндегі елеулі іс-шаралардың бірі – жыл сайын дәстүрлі түрде атап өтілетін «Абай күні». Биыл да 10 тамыз – хакімнің туған күні қарсаңында ұлы ойшылдың рухани мұраларын ұлықтап, іс-шара өткізді.**



Игілікті іс-шараны бөлімшедегі салалық кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен Семей локомотив пайдалану депосының машинистері бастаған. Олар қаладағы Абайдың әдеби-мәдени мемориалдық мұражайына экскурсия жасап, осынау қастерлі орында ақын өлеңдерін оқудан челлендж өткізуді қолға алған болатын. Ең алдымен тепловоз машинисі, Абайдың аталас туысы болып келетін Елзат Тілекин ақын өлеңдерін нақышына келтіре мәнерлеп оқып, келесі кезекті НЖС-6 бөлімшесінің қыз-жігіттеріне жолдаған. Міне, осылайша күллі бөлімше бойынша Абай өлеңі мен қара сөзін оқудан бәйге басталып, оны ақынның туған күні саналатын тамызда Семей ЖТ филиалының кадр бөлімінің басшысы Ботагөз Мүбәракова қорытындылады.

Десек те, ұлы ақынның туған күні қарсаңындағы шаралар мұнымен шектелген жоқ. Жылдағы дәстүрге сай Жидебай жеріне саяхат ұйымдастырылып, танымдық басқосулар көптеп ұйымдастырылды. Семей қаласындағы Абай мұрасын ұлықтауға бағытталған тағылымы мол іс-шараларға да белсене қатысты. Белсенді теміржолшы жастар қауымы ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ «Абай оқулары» мен Абай музей-қорығында өткен көрмелер мен әдеби квесттерге қатысып, ұлы ойшылдың асыл мұрасын көпшілікпен бірге ұлықтады.

**Қуан ЕРТІС**, *Семей*

*Суретті түсірген автор*

## Спорт

# ЖЕЛЕЗНЫЙ ТРИУМФ СБОРНОЙ ҚТЖ

**Одним из главных событий XI Республиканской спартакиады группы компаний АО «Самрук-Қазына» стало уникальное достижение железнодорожников: сразу четыре представителя ҚТЖ официально стали трехкратными чемпионами турнира, завоевав золотые титулы три года подряд (2024-2026 гг.).**








Золотыми буквами в историю отечественного спорта свое имя вписала менеджер Корпоративного фонда Сымбат Нәсіп, завоевавшая высшую награду в армрестлинге. Ее блестящая победа дополнила триумф других ярких представителей отрасли: Али Исабекова (тоғызқұмалақ) – помощника машиниста Карагандинского участка филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки»; Романа Халилова (настольный теннис) – ведущего специалиста АВР по станции Жанаарка ТОО «Теміржолсу-Караганда»; Константина Лимаренко (плавание) – диспетчера агентства «KTZE Достык» филиала АО «KTZ Express» – «KTZE Южный».

Помимо этого исторического золота было еще много побед и достойных выступлений. Так, вся сборная ҚТЖ по армрестлингу показала высочайший класс. Рукоборцы ҚТЖ продемонстрировали взрывную силу и безупречную технику, заставив считаться с собой каждого соперника. А поездной диспетчер филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция перевозочного процесса» – «РЦУП-3 Север» Алла Штрошерер принесла в копилку сборной ҚТЖ бронзовую медаль.

Ярким и эмоциональным стало выступление женской волейбольной команды ҚТЖ. Девушки продемонстрировали железную волю, сплоченность и высочайший командный дух, завоевав серебряные медали Спартакиады в красивой и достойной борьбе.

Мужская сборная ҚТЖ по баскетболу устроила настоящее спортивное шоу на паркете, показав яростный и бескомпромиссный баскетбол высшей пробы. Баскетболисты ҚТЖ уверенно подтвердили свой топ-статус среди сильнейших команд фонда, заняв второе место.

Кроме того, сборная команда железнодорожников по футзалу заняла третье место на XI Республиканской спартакиаде АО «Самрук-Қазына», разгромив в решающем матче за бронзовые медали команду АО «KEGOC» со счетом 5:0. Железнодорожники продемонстрировали полное доминирование на паркете, идеальную сыгранность и железную оборону. А до финала команда дошла, продемонстрировав высокий класс игры, когда одержала блестящие победы в матчах Спартакиады, уверенно обыграв сборную «Самрук-Энерго» со счетом 1:0 и разгромив команду «PSA» сокрушительным результатом 8:0!

Золотую медаль в турнире по шахматам завоевал Даурен Сурабалдинов, начальник отдела агентства «Алтынколь» АО «Қазтеміртранс». Проявив гроссмейстерскую выдержку и стратегическое мышление, представитель АО «НК «ҚТЖ» уверенно переиграл сильнейших соперников.

Второй соревновательный день начался с блестящей победы: управляющий директор по правовым вопросам АО «KTZ Express» Алтынбек Шахметов завоевал золото в легкой атлетике в возрастной категории 35+ лет, пробежав 800 метров.

А Еркебулан Ахмадиев завоевал второе место в беге на 800 метров (в возрастной категории от 18 до 34 лет). Он работает регулировщиком скорости движения вагонов (РСДВ) в Семейском отделении магистральной сети (филиал АО «НК «ҚТЖ»). Напомним, что в этом году легкая атлетика впервые включена в соревновательную программу Спартакиады.

Настоящий спортивный характер и волю к победе продемонстрировала Галина Золотухина, завоевавшая бронзовую медаль в легкоатлетических соревнованиях. Галина работает оператором Центра оперативно-технического учета (ЦОТУ) в Карагандинском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-14 филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Қарағанды»). В условиях жесточайшей конкуренции на беговой дорожке карагандинка показала отличную скорость, выносливость и вошла в тройку сильнейших, заняв почетное третье место.

Очередную яркую награду в копилку команды принесла Томирис Атымжанова, завоевавшая серебряную медаль в беге на 400 метров. Томирис – работник станции Экибастуз – выступала в стремительной и конкурентной возрастной категории 18-34 года.



Также сборная ҚТЖ завоевала второе место в исторической эстафете в соревновании по легкой атлетике! Эстафетный забег потребовал от железнодорожников-спортсменов максимальной концентрации, идеальной передачи палочки и стопроцентной самоотдачи на каждом метре дистанции.

Специалист отдела документооборота по станции Кокшетау (ТОО «Теміржолсу-Кокшетау») Ленара Смайлова завоевала серебряную медаль по настольному теннису.

А блестящее выступление в теннисе Романа Халилова – ведущего специалиста АВР по станции Жанаарка ТОО «Теміржолсу-Караганда» – захватило внимание зрителей с первых секунд. Он продемонстрировал молниеносную реакцию, тактическое превосходство и завоевал заслуженное первое место, принеся команде ҚТЖ золотую медаль.

Еще одно золото пришло из виртуальной реальности: киберспортсмены АО «НК «ҚТЖ» стали чемпионами Спартакиады «Самрук-Қазына». В одном из самых динамичных, современных и высококонкурентных видов программы за чемпионский титул боролись сильнейшие ИТ-стратегии и геймеры со всего Казахстана. На протяжении всего турнира команда ҚТЖ демонстрировала безупречную сыгранность, молниеносную реакцию, глубокое тактическое планирование и железную дисциплину.

Эта Спартакиада доказала, что характер железнодорожников крепче стали, что позволяет им побеждать красиво и достойно защищать компании!

**Асель ШАЙХЫНОВА**

# ҚТЖ ҚҰРАМАСЫ – ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОН!

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

### ҚТЖ ҚОРЖЫНЫНДА АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

ҚТЖ-ның алғашқы алтын медалін жүзуден өткен эстафетада теміржолшы-жүзушілер сыйлады. Олар – Әнел Женісқызы («KTZ Express» АҚ «KTZE Батыс» филиалының Ақтөбе қаласындағы агенттігінің диспетчері); Татьяна Алимина («ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы (АДЦД) филиалының Талдау және әзірлеу департаменті бас менеджері); Константин Лимаренко («KTZ Express» АҚ «KTZE Оңтүстік» филиалының Достық станциясындағы агенттігінің диспетчері) және Геннадий Гордиенко («Жолаушылар тасымалы» АҚ филиалы «Экспресс» филиалы Астана учаскесінің жабдықтаушысы) еді. ҚТЖ командасы 4×50 метр еркін стильдегі эстафетада тамаша өнер көрсетті.





Ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев 40-44 жас санатында өнер көрсетіп, қарсылыстарын су жолында «шаң» қаптырып, алтынды жұлып алды. «Сайысқа түскен жүзушілердің бәрі де шетінен акулалар екен. Жеңіске жету үшін барымды салдым. Бұл менің ғана емес, компанияның жеңісі», – дейді Сағат.

«KTZ Express» АҚ-ның «KTZE Оңтүстік» филиалы Достық агенттігінің диспетчері Константин Лимаренко да 30–34 жас санаты бойынша жүзуде барлық қарсыластарын айқын басымдықпен артта қалдырып, тағы бір алтын медаль сыйлады. Жан-жақтан қаумалаған жанкүйерлер қуанышында шек болмады.






ҚТЖ арулары да шет қалмады, әйелдер арасындағы жүзуден Спартакиадада екінші орынды еншіледі. Әйелдер арасындағы жарыста Татьяна Алимина ҚТЖ қоржынына күміс медаль салды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалында Аналитика және әзірлеу департаментінің бас менеджері болып жұмыс істейтін ол 50+ жас санатында тамаша өнер көрсетті. Ал 40–44 жас санатындағы тартысты бәсекеде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – «Қарағанды» ТЧЭ-14 өндірістік-техникалық бөлімінің 1-санатты инженері Радзевич Ирина Сергеевна ҚТЖ құрамасының қоржынына тағы бір күміс медаль салды. 25–29 жас санатындағы тартысты әрі күрделі бәсекеде «KTZE Батыс» Ақтөбе қаласындағы KTZE агенттігінің диспетчері Әнел Жеңісқызы санаулы секундқа ғана кешігіп, жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілді. Осылайша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрамасының қоржыны тағы бір күміспен толықты.

### БІЛЕК КҮШІ БӘСЕКЕСІ

Білек күші мен қайратты, ең бастысы темірдей мінезді талап ететін жарыс түрі арқан тарту болды. Білекті жігіттер Спартакиада жеңімпазы болуға барын салды. Бірнеше шағын топтарда әр команда топ жарып шығуға тырысты. Финалға шыққан төрт команданың арасынан теміржолшылар да табылды. Қарсыластарынан басым түскен болат жолдың балуандары финалда «Қазмұнайгаздың» білектілерімен бәсекеге түсті. Бұл бірінші орынға таласқан шешуші тартыс еді. Атап өтерлігі, ҚТЖ командасының қарсыластары жыл сайын үздік үштіктің арасынан табылып жүрген тәжірибесі мол команда еді. Теміржолшылар арқан тартуда біртұтас әрі үйлесімді тетік ретінде әрекет етіп, соңына дейін күресіп бақты. Әттеген-ай, бап шаба ма, бақ шаба ма демекші, біздің жігіттер мұнайгаздықтарға есе жіберіп алып, екінші орынды місе тұтты. Күміс жүлде де жаман емес деп жұбаттық өзімізді.

### АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСТІ

XI Спартакиада шеңберінде олимпиада ойындарымен үйлесім тапқан ұлттық ойындар қатарындағы асық ату, тоғызқұмалақ, бес тас, садақ ату сайыстарында да теміржолшылардың мерейі үстем болды. Ұлттық спорттың қай түрі болмасын қатысушылардан мергендікті, дәлдік пен есепті және салқынқандылық пен сабырлылықты талап етеді.

Міне, бұл ойындарда ҚТЖ өкілдері жоғары шеберлік пен сенімді ойын үлгісін түрін көрсетіп, ұлттық спорт дәстүрлеріне деген құрметін лайықты өнерлерімен дәлелдеді. Дәстүрлі садақ атудан теміржолшылар атынан жарысқа қатысқан Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің Жаңаөзен станциясы бойынша кезекшісі Самал Зұлпыхаров пен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі Шоқпар жол дистанциясының инженер-электроншысы Махаббат Назарова көрерменге керемет әсерлі ойын сыйлап, риза қылды.

Тоғызқұмалақтан «Жолаушылар тасымалы» АҚ филиалы «Қала маңы тасымалы» Қарағанды учаскесінің машинист көмекшісі Әли Исабековтің асығы алшысынан тұрды. Гроссмейстерлік деңгейдегі шеберлігі мен комбинацияларды мінсіз есептей білетін қабілетін және темірдей төзімділігін көрсеткен Әли спартакиада алтынын алды.

Ал «Кедентранссервис» АҚ Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша филиалының жүк-багаж қабылдап-тапсырушысы Айжан Серікова тоғызқұмалақтан үшінші орынды иеленіп, ҚТЖ қоржынына қола медаль салды. Қазақтың дәстүрлі ұлттық спорты – асық ату ойыны ептілікпен қатар терең стратегиялық ойлауды да талап етеді. Болат магистраль өкілдері матчтардың ең тартысты сәттерінде де жоғары деңгейдегі зейін мен шоғырлануды сақтай білетіндерін айқын дәлелдеді. Бұл ойында «Тасымалдау процесі дирекциясы» филиалына қарасты Екібастұз ВЧДЭ вагон қараушысы Қайраш Аханов тамаша нәтиже көрсетіп, күміс медаль иеленді.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

**Басылымның таралымы 8 000**
**Газет сейсенбі,**
**жұма күндері шығады.**

**Жауапты хатшы**
**Ерболат Тілеубергенов,**
**тел.: +7 702 5795768**

**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Меншікті тілшілер:**

**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Жамбыл:** Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

**Газет басылатын қалалар:**
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.